“ZIYATKER TURAN” ЖШС мектебінің

ҰЛДАР КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАСЫ № 1

05.10. 2026жыл Өткізілген орны:АКТ зал

Қатысқандар: 8-11 сынып оқушылары

КҮН ТӘРТІБІ:

«Тәртіп – табыстың бастауы» тақырыбында оқушылардың тәртіп мәдениеті мен мектеп ережелерін сақтау мәселесі.

1-МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша ДТІЖО А.К.Өтеш сөз сөйледі «Тәртіп – табыстың бастауы» тақырыбында оқушылардың тәртіп мәдениеті мен мектеп ережелерін сақтау мәселесіне тоқталып өтті. Оқушылардың сабаққа уақытылы қатысуы, мектеп формасын сақтау және қоғамдық орындардағы әдептілік туралы жеке-жеке тоқталып өтті.

Ұлдар кеңесінің алдағы жұмыс жоспары және жауапты оқушыларды белгілеу

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Оқушылар мектептің ішкі тәртіп ережелерін және сабақ кестесін сақтасын.

2. Сабаққа кешікпеу, мектеп формасын талапқа сай кию және мектеп мүлкіне ұқыпты қарау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

3. Сынып жетекшілері/кураторлары оқушылардың тәртіп сақтауын бақылап, қажет болған жағдайда ата-аналармен байланыс жасасын

4. Ұлдар кеңесінің мүшелері тәртіп пен жауапкершілікті насихаттауға атсалыссын

Хатшы А.Сағын

“ZIYATKER TURAN” ЖШС мектебінің

ҰЛДАР КЕҢЕСІ ОТЫРЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАСЫ № 2

13.10. 2026 жыл Өткізілген орны:АКТ зал

Қатысқандар: 8-11 сынып оқушылары

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әдептілік ұғымы және оның адам өміріндегі маңызы.

ТЫҢДАЛДЫ:

ДТІЖО А.К.Өтеш оқушыларға «Әдептілік – әдемілік» тақырыбында әдеп нормалары, сыпайы қарым-қатынас, өзара құрмет пен жауапкершілік туралы түсіндірді. Әдептілік адамның сөйлеген сөзінен, іс-әрекетінен және өзгелерге деген қарым-қатынасынан көрінетіні айтылды. Оқушылармен күнделікті өмірдегі әдептілікке қатысты жағдаяттар талқыланып, бір-бірін тыңдау, дөрекі сөздерден аулақ болу, пікірді құрметпен жеткізу туралы ой бөлісілді.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

1. Оқушылар күнделікті қарым-қатынаста әдептілік пен сыпайылық қағидаларын сақтасын.

2. Бір-бірінің пікірін құрметтеп, өзара түсіністік пен сыйластық танытсын

3. Мектепте және қоғамдық орындарда мәдениетті мінез-құлық үлгісін көрсетсін

4. Сыныпта жағымды қарым-қатынас ортасын қалыптастыруға барлығы атсалыссын

Хатшы А.Сағын